

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 313

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - М и н и с т р і  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П а р л а м е н т і н і ң М ә ж і л і с і н е

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктерді және багаждарды транзиттік тасымалдау, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктерді және багаждарды транзиттік тасымалдау, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) 1998 жылғы 27 наурызда

Т а ш к е н т т е

қ о л

қ о й ы л д ы .

Келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Н.Ө.Балғымбаев, Өзбекстан Республикасы Үкіметінің атынан Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі У.Т.Сұлтанов қол қойды.

Аталған келісімнің мақсаты Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы жол жүретін Тараптар автокөлік құралдарының жүруі үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету және Тараптар мемлекеттерінің транзиттік жүктерін реттеу кезінде неғұрлым қолайлы режим ұсыну жөнінде теміржол және автомобиль қатынасын дамытуға сондай-ақ жолаушылар мен багажға қатысты өзара жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылғы 12 шілдеде Ташкентте қол қойылған Келісімге сай өзбек тасымалдаушылары тегін транзитті пайдаланады. Рұқсатсыз жол жүру салдарынан Қазақстан Республикасының жылма-жылғы шығыны 3 млн. АҚШ долларын құрайды.

1997 жылы Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының транзиттік көлемі 33214 жүк автомобилінен, 22994 автобустардан, 37594 жеңіл автомобильдерден құралады. Күнделікті орта транзитпен Қазақстан Республикасынан Өзбекстанға жататын 257 автокөлік құралдары, соның ішінде 91 жүк автомашинасы, 63 автобустар, 103 жеңіл автомобильдері басып өтеді.

Тәулік сайын 120 қазақстандық автокөлік құралдары Өзбекстан аумағын (37 шақырым) басып өтеді, олар Пахтаарал ауданында ішкі тасымалдарды (Қазақстан-Өзбекстан-Қазақстан) жүзеге асырады. Осыны болдырмау үшін 1999-2000 жж. Қызыләскер-Киров автожолдарының құрылысын салу жоспарлануда. Сонымен қатар осы Келісімнің 1-бабындағы Қазақстан-Өзбекстан-Қазақстан маршруты бойынша жүзеге асырылатын транзит тасымалдары транзиттік болып есептелмейді.

1-баптың 2 және 3 азат жолдары Қазақстан Республикасының заңдарынан өзгеше қағидаларды қарастыратын болғандықтан "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту, орындау және жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 11-бабының 1-тармағына сай қол қойылған К е л і с і м б е к і т у г е ж а т а д ы .

Осы айтылғандарға сай, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің қарауына "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктерді және багажды транзиттік тасымалдау, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының

автомобиль және теміржол магистральдарымен жүру барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілсін.

Осы Келісімді бекіту қосымша бюджеттік қаржы бөлуге апармайды.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы

1998 жылғы 27 наурызда Ташкентте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды транзиттік тасымалдау, Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктерді және багаждарды транзиттік тасымалдау, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі - "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

1992 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек көрсету туралы шарттың, 1994 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шарттың қағидаларын, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының негізгі құжаттарын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

автомобиль және темір жол магистралдарының технологиялық біртұтастығын қамтамасыз ету орынды деп есептей отырып, тең құқықты және өзара тиімді екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды қамтамасыз етудің айрықша маңыздылығын м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

Тараптардың халықаралық автомобиль және темір жол көлігін дамыту, сондай-ақ кеден ісі саласында бірыңғай және келісілген саясат жүргізуге мән бере отырып, экономикалық егенмендікті қорғауға көңіл аударып, транзиттің еркіндігі принциптеріне өз ұмтылушылықтарын білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1 - б а п

ТМД елдерін қоспағанда, екі Тарап мемлекеттерінің аумағы арқылы жүктерді үшінші мемлекетке транзиттік тасымалдау тасымалдаушыларда Карнет - TIR-лер немесе СМР болуы кезінде, Тараптардың құзыретті органдары беретін рұқсаттың негізінде Тараптардың автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

Тараптардың автокөлік құралдарымен ТМД елдеріне транзиттік тасымалдаулар рұқсатсыз негізде және транзит үшін төлем алынбастан жүзеге асырылады.

Қазақстан-Өзбекстан-Қазақстан немесе Өзбекстан-Қазақстан-Өзбекстан

бағыттары бойынша жүзеге асырылатын тасымалдар транзиттік тасымалдар болып табылмайды.

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағы бойынша екінші тараптың автокөлік құралдарының, оның ішінде транзитпен үшінші елдерге бара жатқан, жүруі үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

## 2-бап

Бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша транзитпен үшінші елге шығарылатын жүктер тиісінше осы жүктерді жөнелтетін мемлекетте кедендік ресімдеуге жатады.

### 3-бап

Әрбір Тарап бір-бірінің мөртаңбаларын, кедендік қамтамасыз етуін, кедендік құжаттарын және жүктермен бірге жүретін өзге де құжаттарын (банктік, қаржылық және т.б.) мойындайды және олардың үлгілерін алмасады.

### 4 - б а п

Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы транзитпен

тасымалданатын жүктер кедендік ресімдеу үшін алымдарды қоспағанда, кедендік баждар мен алымдардан босатылады.

Оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын енгізу туралы тараптар қолданылатын тауарлардың тізбесі Тараптар мемлекеттерінің кедендік қызметтерімен келісіледі.

### 5-бап

Тараптар мемлекеттерінің үшінші мемлекеттерге шығарылатын және жөнелткен мемлекеттің кеден органдары ресімдемеген жүктерін бір Тарап мемлекетінің аумағы арқылы үшінші мемлекетке өткізу транзитіне жол берілмейді.

### 6-бап

Тараптар халықаралық нормаларға және тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес бір-біріне әкелуге, әкетуге және олардың мемлекетінің аумағы арқылы транзитке тыйым салынған жүктердің тізбесін ұсынады.

Жол бағыты өтетін мемлекеттің аумағы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау, егер жеке Келісімде өзгеше көзделмесе, тиісті құзыретті орган берген арнауы рұқсаттың негізінде халықаралық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

### 7 - б а п

Тараптар өзара мүдделерін негізге ала отырып, бір-біріне Тараптар мемлекеттерінің транзиттік жүктерін реттеу кезінде неғұрлым қолайлы режим ұсыну жөнінде темір жол және автомобиль қатынастарын дамытуға, сондай-ақ жолаушылар мен багаждарды тасымалдауға қатысты жәрдем көрсету жөніндегі барлық қажетті шараларды қ а б ы л д а й д ы .

8 - б а п

Тараптар тиісті құзыретті органдарға жүктерді темір жол көлігімен транзиттік тасымалдау кезінде жеңілдікті тарифтер немесе арнаулы ставкалар белгілеудің мүмкіндігін қ а р а у д ы т а п с ы р а д ы .

9 - б а п

Тараптардың заңдарында қабылданған мерзімдер автокөлік құралдарының Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуінің белгіленген мерзімдері болып саналсын. Рұқсат беру бланкісі автокөлік құралының Тараптар мемлекетінің аумағында іс жүзінде болған мерзіміне жарамды және тікелей және кері жүруге қолданылады.

1 0 - б а п

Тараптар ұлттық заңдарға және қолданылып жүрген ережелерге сәйкес Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыруға к е л і с т і .

1 1 - б а п

Тараптар ол мемлекеттердің автомобиль және темір жол магистральдары бойынша жол жүруі кезінде жолаушылардың, қызмет көрсетуші қызметкерлердің қауіпсіздігін және автомобиль құралдарының, темір жол вагондарының, контейнерлердің, сондай-ақ жүктер мен багаждың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қ а б ы л д а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

Тараптар келесі Тарап мемлекетінің аумағы бойынша, оның ішінде үшінші мемлекетке транзитпен бара жатқан көлік құралдарының өтуі үшін қауіпсіздік пен қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

1 2 - б а п

Тараптар мемлекеттері азаматтарының жүктерін, багажын, қол жүгін, валюталарын,

құнды заттарын, сондай-ақ жеке мүлкін кеден шекарасы арқылы өткізу әкелуге, әкетуге және транзитіне тыйым салынатын заттар бар деп ұйғаруға жеткілікті негіз болған жағдайларды қоспағанда, кеден шекаралары арқылы кедендік тексерусіз жүзеге асырылады.

### 1 3 - б а п

Тараптар осы келісімнің ережелерін іске асыруға ықпал ететін, сондай-ақ ол бойынша міндеттемелердің орындалуына бақылау жасайтын және оны үйлестіретін Тараптардың құзыретті органдары өкілдерінің қатарынан автомобиль және темір жол транзиті тасымалдары жөніндегі Бірлескен ведомствоаралық комиссия құруға уағдаласты.

Келісімді атқару мәселелерін қарау үшін Бірлескен ведомствоаралық комиссия Тараптардың ұсынысы бойынша кезекпе-кезек Ақмолада және Ташкентте бас қосатын болады.

Осы Келісімді қолдану немесе түсіндіру жөніндегі кез-келген дау консультациялар және келіссөздер жолымен Бірлескен ведомствоаралық комиссияның шеңберінде шешілетін болады.

Дауларды бірлескен ведомствоаралық комиссияның шеңберінде шешу мүмкін болмаған жағдайда даулы мәселелер екіжақты ынтымақтастығы бойынша Бірлескен үкіметаралық комиссияда қаралады.

### 1 4 - б а п

Осы Келісімде реттелмеген мәселелерге қатысты Тараптар мемлекеттерінің халықаралық автомобиль және темір жол транзитінің тасымалдары мәселелерін реттейтін ұлттық заңдары, халықаралық нормалар, сондай-ақ Тараптардың арасында бұрын жасалған келісімдер қолданылады.

### 1 5 - б а п

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге хаттамалар түрінде ресімделген, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Тараптар осы Келісімде белгіленген жолаушыларды, жүктерді және багажды транзиттік тасымалдаудың режимін нашарлатпауға міндеттенеді.

### 1 6 - б а п

Тараптардың осы Келісімнің тиісті ережелерін орындау үшін жауапты құзыретті  
о р г а н д а р :

Қазақстан Республикасынан - Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қаржы министрлігінің жанындағы Кеден комитеті, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті;  
Өзбекстан Республикасынан "Өзбекстан темір жолдары"

мемлекеттік-акционерлік темір жол компаниясы, "Өзавтокөлік" корпорациясы, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті және Ішкі істер министрлігі болып табылады.

Тараптар бұл тізбелердегі өзгерістер туралы бір-біріне уақытылы хабарлап отыратын болады.

#### 17-бап

Осы Келісім Тараптардың өзге халықаралық шарттар мен келісімдер бойынша міндеттерін қозғамайды.

#### 18-бап

Осы Келісім Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарлауы күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптар осы Келісімде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда ол белгіленген тәртіппен өзінің күшін жоғалтады.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданылады, одан кейін, егер Тараптардың біреуі осы Келісімнің қолданылуының тиісті кезеңі аяқталғанға дейінгі алты айдан кешіктірмей келесі Тарапқа оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабарламаса келесі

бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

1998 жылғы 27 наурызда әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдеріндегі екі данада Ташкент қаласында жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.



Қазақстан Республикасының                      Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктерді және багаждарды транзиттік тасымалдау, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының автомобиль және темір жол магистральдары арқылы жүруі барысында олардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

### АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1. Заң жобасының бастамашысы                      Қазақстан Республикасының  
(органның толық атауы)                      Үкіметі
2. Заң жобасын әзірлеу жөніндегі                      құрылған жоқ  
жұмыс тобының құрамы
3. Заң жобасы жөніндегі бас                      Халықаралық Істер, қорғаныс  
комитет    және қауіпсіздік жөніндегі  
комитет
4. Заң жобасының Қазақстан                      16.04.1998ж.  
Республикасының Парламентінде  
тіркелген күні
5. Заң жобасы бойынша Қазақстан  
Республикасы Парламенті тұрақты  
комитеттерінің қорытындысы
6. Заң жобасы бойынша Қазақстан                      ескертпелер болған жоқ  
Республикасы Үкіметінің,  
министрліктердің,  
ведомстволардың, басқа да  
мемлекеттік органдар мен  
қоғамдық бірлестіктердің  
қорытындысы
7. Заң жобасының ғылыми                      жүргізілген жоқ  
сараптамасы
8. Заң жобасы жөнінде баяндама                      Қазақстан Республикасы  
жасау кімге тапсырылды                      Көлік және коммуникациялар  
министрі Е.Ж.Қалиевке

9. Балама жобалардың болуы жоқ
10. Заң жобасының Қазақстан Республикасының Парламентіне тапсырылған күні
11. Парламенттің заң жобасын бірінші оқылымда қараған күні және оның нәтижелері
12. Жобаны пысықтау және оны екінші оқылымға әзірлеу тапсырылған бас комитет (комиссия), басқа орган
13. Заң жобасын халықтық ұсынылған жоқ талқылауға ұсыну және оның мерзімі
14. Комитеттің заң жобасы жөніндегі қорытындысы (екінші оқылымның алдында)
15. Заң жобасын Парламенттің екінші оқылымда қарауы және оның нәтижесі
16. Заңның күшіне ену уақыты
17. Басқа да белгілер